

мұраларынан бастап, қазақ прозасының қалыптасу, даму кезеңдерінің барлығында да тарихилық шығармалардың халықтылық негізділігін сақтау, таныту негізі болу қызметін атқарады. Қазақ прозасындағы қазіргі роман жанры қалыптасуы кезеңіне дейінгі мұралардың барлығында да эпикалық шығармалар поэтикасының сабақтастығы үнемі жалғасумен келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті және зерттеу салалары ұлттық рухани құндылықтарымыздың уақыт өзгерістерімен үндесе даму болмысын танытты. 2004 жылдан бері Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы да Отанымыздың әлем өркениетіндегі қуатты әлеуетін айқындап отыр.

Қазақстан Республикасының Еурпадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ, 2010), Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИБЫҰ, 2011) тәрағалығы және т.б. бүкіләлемдік деңгейдегі көрнекті деңгейлері қазақ сөз өнері туындыларының да, жаңа зерттеулерінің де жоғары сапамен дамуына ықпал етері ақиқат. Бұл – біздің ұлттық рухани құндылықтарымыздың үздіксіз қозғалыстағы шығармашылық жолының көрнекті көрсеткіші.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. *Жүз жылға татитын он жыл.* - Алматы: Атамұра. 2001. - 314 б.
2. Назарбаев Н.Ә. *Ғасырлар тоғысында.* – Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.
3. Шаханов М. *Желтоқсан эпопеясы: Деректі роман.* – Алматы: ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 2006. – 624 б.
4. Қозыбаев М. *Ақтаңдақтар ақиқаты.* – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
5. Тілегенов Б. *Тұйық өмірдің құпиясы: Роман-толғау (Айтылмай келген шындық).* – Алматы: Дәуір, 1992. - 336 б.
6. Дәдебаев Ж. *Өмір шындығы және көркемдік шешім.* - Алматы: Ғылым, 1991. - 208 б.

МРНТИ 17.71.91

Ұ.Т.Алжанбаева¹

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ПЕН ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ҮНДЕСТІГІ

Аңдатпа

Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу билик» яғни «Құтты білік» деп аталатын шығармасының біздің заманымызға үш қолжазбасы жеткен. Олар: Веналық (Гераттық), Каирлық және Намангандық (Ферғаналық). Бұл ескерткіш Қарахан мемлекетінде ХІ ғасырда жазылған. 1913 жылға дейін бұл қолжазбаның екі түрі ғана белгілі болған. Бірі 1439 жылы Геретта арабжазулы нұсқасынан ұйғыр әріптерімен көшіріліп (гераттық деп аталған), Венада сақтаулы (осыған байланысты веналық деп аталған) нұсқасы. Ал екіншісі 1896 жылы Каир қаласынан неміс ғалымы Б. Мориц тапқан Каир нұсқасы. Бұл екі нұсқа да толық емес, тек 1913 жылы Ахмет-Заки Валиди Тоғанның Наманганнан тапқан арабжазулы нұсқасын ғана салыстырмалы түрде толық деп айтуға болады дейді башқұрт ғалымы А.Салихов [1.20].

«Құтты білік» дастанының басты идеясы-бүкіл адамзатқа ортақ әділет, дәулет, ақыл және қанағат. Бұл еңбектің түркі әлемі үшін құндылығы оның түркі тілінде жазылғаны және түркілік дәстүрлермен үндестігі. Бұл сөзімізге Е.Э. Бертельстің «Түркі халықтарының батырлық эпостарындағы дәстүр мәселелері туралы» деген мақаласындағы «...батыстық (яғни араб, парсы әдебиеттері әсері) әсер қанша көрініп тұрса да «Құтты білікте» тек

караханидтік Қашқарға ғана тән, жергілікті түркі дәстүрлері өте көп кездеседі», - деген сөздері дәлел [2.67].

Мақалада «Құтты білік» пен қазіргі түркі халықтарындағы дәстүр үндестігі қарастырылады.

Түйін сөздер: шығыс қолжазбалары, Жүсіп Баласағұн, Құтты білік, түркілік дәстүр, казак, нақыл сөздер.

У.Т.Алжанбаева¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

СОЗВУЧИЕ ТРАДИЦИЙ СОВРЕМЕННЫХ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ С НАЗИДАНИЯМИ Ю. БАЛАСАГУНИ В «КУДАТГУ БИЛИГ»

Аннотация

Произведение Юсуфа Баласагуни «Кудатгу билиг» дошло до наших дней в трех рукописях: Венская (Гератская), Каирская и Наманганская (Ферганская). Этот памятник был написан в Караханидском государстве в XI веке. До 1913 года оно было известно лишь по первым двум спискам. Венская (по месту нахождения) была переписана 1439 году в Герате (отсюда ее второе название). Переписана уйгурскими буквами с арабографического списка. Каирский арабографический список был обнаружен 1896 году немецким ученым Б. Морицем. Эти два варианта считаются неполными. Третья арабографическая рукопись «Кудатгу билиг» обнаруженная Ахмет-Заки Валиди 1913 году в Намангане является наиболее полным [1.20].

Основная идея поэмы «Кудатгу билиг» - это справедливость, богатство, разум и удовлетворение присущее для всего человечества. Ценность этого произведения в том, что оно написано на тюркском языке для тюркского мира и традиции современных тюркских народов созвучны с назидами Юсуфа Баласагуни. Для подтверждения приведем слова Е.Э. Бертельса. В статье «К вопросу о традиции в героическом эпосе тюркских народов» он писал: «... при явном наличии западных влияний (т.е. влиянии арабской и персидской литератур) «Кудатгу билиг» все же совершенно очевидно содержит очень много местных тюркских традиций, связана с кругом представлений, характерных именно для караханидского Кашгара» [2.67].

В статье рассматриваются Созвучие традиций современных тюркских народов с назидами Ю. Баласагуни в «Кудатгу билиг».

Ключевые слова: восточные рукописи, Юсуф Баласагуни, «Кудатгу билиг», тюркские традиции, казах, слова назидаания

U.T.Alzhanbaeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

CONSONANCE OF THE TRADITIONS OF MODERN TURKIC PEOPLES WITH THE EDIFICATIONS OF YU. BALASAGUNI IN “KUDATGU BILIG”

Abstract

The work of Yusuf Balasaguni “Kudatgu Bilig” has survived in three manuscripts: Vienna (Herat), Cairo and Namangan (Ferghana). This monument was painted in the Karakhanid state in the 11th century. Until 1913, it was known only from the first two lists. Vienna (at the location) was rewritten in Herat in 1439 (hence its second name). Rewritten in Uyghur letters from the Arabic list. The Cairo arabographic list was discovered in 1896 by German scientist B. Moritz. These two options are considered incomplete. The third Arabic manuscript “Kudatgu Bilig” discovered by Ahmet-Zaki Validi in 1913 in Namangan is the most complete [1.20].

The main idea of the poem “Kudatgu Bilig” is justice, wealth, intelligence and satisfaction for the whole of humanity. The value of this work is that it is written in the Turkic language for the Turkic world and the traditions of modern Turkic peoples are consonant with the edifications of Yusuf Balasaguni. To confirm, we cite the words of E.E. Bertels. In the article “On the Question of Tradition in the Heroic Epic of Turkic Peoples,” he wrote: “... with the obvious presence of Western influences (that is, the influence of Arabic and Persian literature), “Kudatgu Bilig” still quite obviously contains a lot of local Turkic traditions, is connected with the circle of representations characteristic precisely for the Karakhanid Kashgar” [2.67].

The article deals with the Consonance of the traditions of modern Turkic peoples with the edifications of Yu. Balasaguni in “Kudatgu Bilig”.

Keywords: eastern manuscripts, Yusuf Balasaguni, “Kudatgu bilig”, Turkic traditions, Kazakh, words of edification

Кіріспе

Түркі әлемінің ұлы мұрасы аталған «Құтты біліктің» авторы Жүсіп Баласағұнға Қарахандар мемлекетінің сол кездегі әміршісі Бұғра хан «Хас Қажыб» деген лауазымды атақ бергені белгілі. Араб тілінде *хас* сөзі екі түрлі мағынаға ие: 1) ерекше, арнайы; 2) жеке. Ал *қажыб* сөзі, араб тілінде айтылуы *хааджиб*, қызмет етуші, қызметші деп аударылады. Яғни хан ғалымның еңбегін бағалап, өзіне жеке қызметші, бас кеңесші етіп алған.

Ж. Баласағұн өз еңбегінде Еліктің: Бәрін біліп, бәрін билер ісіңнің
Хаджыб қандай болу керек, түсіндір
деген сөзіне төмендегідей жауап береді:

Хаджыб дәйім назарында жұртының
Сұлуы жөн ішінің де сыртының.
Дінді білсін. Дық түсірмей көңілге,
Көңілі ақтың – ісі де ақ өмірде.
Он нәрсе бар хажыбтыққа керекті,
Ақыл, ажар, тіл, бой, білік, зеректік.
Қызметтің ең нәзігі, тозағы,
Хажыбтықтың машақаты болады.
Хажыбтық іс-ұлы істердің төресі,
Істесе істер жеткен ақыл-өресі. [3, 241-б.].

Біз мұнда хажыбтық дегенде тек бекке ақыл-кеңес беріп қана отыратын адамды емес, көптеген істерді атқарушы адам ретінде көреміз. Ол-қазынашы да, ол- сырттан келетін елшілерді қабылдаушы да, ол-заң-дәстүрдің бұзылмауын қадағалаушы да, ол-кедей, жетім-жесірлердің мұңын тыңдап бекке жеткізуші де, ол-хатшы, ісші, қазынашыларды қабылдаушы да, сонымен қатар т.б. толып жатқан қызметтерге жауапты. Хажыб, сонымен қатар, көзі тоқ, арлы болуы тиіс. Бұған Ж.Баласағұнның :

Қарамас ер параңа да, басқаңа,
Парақор бек күлкі болар, масқара.
Пара әуелі құлқыныңды майлайды, [3, 240-б.].
Содан кейін өн бойыңды жайлайды,- деген сөздері куә.

Міне осындай қасиеттерге ие Баласағұн жазған дастан нағыз энциклопедиялық, эстетикалық, эпикалық биікте тұрған, түркітілдес халықтарға ортақ әдеби ескерткіш екендігіне шәк болмаса керек. Мұнда қазақ халқына да тән ұлттық мінез, сыр-сымбат, сипат, сана сәулесі, дәстүр болмысы бар [4, 30-б.].

«Құтты білік» дастаны Баласағұнның білімі мен дарынының, өз кезінің үздік, ұшқыр ойлы даналығының көрсеткіші. Ақын өмірдің қай саласында болсын, мейлі ол мемлекет басқару ісі ме, саясат па немесе басқа істерде ме бірінші орынға адамгершілік мәселесін

қояды. Адам біреуге жақсылық жасаса, жақсы істері көп болған кезде ғана елдің есінде мәңгілік қалатындығын атап көрсеткен.

Ал мемлекет басшысының міндеті-халқын аш-жалаңаш ұстамау. Кедей болса көмек беріп ортаға жеткізу, орташа болса қамқор болып бай ету.

Жүсіп Баласағұнның басты мақсаты-адам болмысының әлеуетін, кісілік қасиеттердің қуатын ашып беру, адал еңбектенушілердің еңсесін көтеру, жалқаулар, жатып ішуге неге құмар екендігін әшкерелеу, көпшілікті жағымды ниетке жұмылдыру, рухани мәдениетке жол ашу еді[5, 30-б.].

Материалдар мен зерттеу әдістері

Бұл мақалаға зерттеу материалы ретінде түркі дүниесінің ұлы мұрасы аталған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінің» Әдеби жәдігерлер сериясымен 2007 жылы Алматыда Таймас баспа үйінде басылып шыққан «Жүсіп Баласағұн. Құдатғу білік» деп аталатын бесінші томы, аударған А.Егеубаев және Алматыда Жазушы баспасынан 1989 жылы басылып шыққан қазақ ақын-жырауларының шығармалары жинақталған «Бес ғасыр жырлайды» кітабының 1,2 томдары. Сондай-ақ Баласағұн шығармасымен үндесетін қазақтың мақал-мәтелдері мен кейбір ислам әдебіне жататын қағидалар алынды. Салыстырмалы-тарихи, диахрондық, синхрондық зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

«Құтты білік» пен қазіргі түркі халықтарындағы дәстүр үндестігі

Енді мақаламыздың негізгі айтайын деген ойын барлық түркі халықтарына тән қонақжайлықтан бастасақ. Қонақжайлық дегенді Ж. Баласағұн былай деп түсіндіреді:

Шақырамын десең, кісі шақырғын,
Күту ісін, бірақ баптап асырғын.
Таза болсын үй-жай, төсек, ыдысың,
Ішіп-жемек, ас-тамағың-ырысың.
Табак таза, болсын дәмді тамағың,

Қолын созсын зауықпенен қонағың[3, 391-б.].

Міне, біздің халықтың өзі жемесе де қонағының аузына тосатын, астындағы жалғыз атын қонағына сойып беретін, қандай қонақ келсе де құдайы қонақ деп күтіп алатын мінезінің түп-тамыры қайда жатыр. Қазақта *«Құтты қонақ келсе қой егіз табады»*, *«Үй баласымен базарлы, қонағымен ажарлы»* деген мақалдар да соған дәлел. Бұл қонақжайлық-атадан балаға мирас болып келе жатқан мұра, аманат. Қонақ шақырғанда алалама, әр қонақтың өз хақысы бар дейді.

Дос, туысың, алысың ба, жақын ба,
Хақын сақта, тұз-дәміңе шақыр да.
Келгендері келер, егер келмесе-
Көңлі қалмас; қалар көңіл бөлмесең.

Дәм өкпесі-дүниенің жаманы,
Кек-өш туып өле-өлгенше қалады[3, 392-б.].

Шақырылған қонақ болған соң олардың үлкен-кішісі болады, Баласағұн оларды да ұмыт қалдырмай: Үлкендер жеп болғаннан соң тамағын,

Ас-су беріп кішілерге қарағын,- дейді.

Халқымыздың *қуыс үйден құр шықпа, сыйға сый, сыраға бал* деген сөздері осы күнге дейін дәстүрімізден қалмай келе жатқан үйге келген адамды құр қол қайтармау да Құтты білікте айтылады. Мысалы,

Шамаң келсе жыртыс жыртып, сый бергін,
Жөн-жөнімен тең бөлуді үйренгін,- десе кейбір адамдардың ешкіммен араласпай кісі киік болып өтетінін сынайды.

Тағы бірі шақырғанға баспайды,
Шақырмайды, өзі де есік ашпайды.
Тірі өлік-ол, тіріге оны санама,
Тіршілікте араласпа, қарама.

Қонақ шақырумен қатар қонаққа бару әдебі де болатыны былай жырланады:

Ағайын дос, туыс-бауыр шақырса,
Ләзім барып, көріп мауқың басылса.
Жақын, көрші, көңілдістер шақырса,
Тәңірлік дос ілтифатын асырса,
Бар оларға, аула көңіл-пейілін,
Сүйіндір де, сүйін өзің, ей, ұлым! [3, 387-б.].

Қазақтың *«Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма»* деген нақыл сөзімен үндесіп тұрған жоқ па.

«Ас – адамның арқауы», «Ауру – астан» деген дана халқымыз. Өйткені, ол - тәннің азығы. Көп жағдайда дұрыс тамақтануымызға аса мән бермей, асқазанға көрінгенді тығып, соңында түрлі ауруларға жол беріп алатынымыз бар, сондықтан өзіміздің денсаулығымыз бен көңіл-күйімізде қалай тамақтанғамызға да байланысты екені ақиқат. Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа берер пайдасы мол екенін бүгінгі медицина саласы ғылыми тұрғыдан дәлелдеуде. Міне данышпан бабамыз ас ішу әдебін де әдеп және медицина тұрғысынан да қарастырған.

Қай қонаққа барсаң да сен, тағамды
Әдеппен іш, аша берме аранды.
Қолын асқа созса үлкен, бек кісі,
Сен кейін соз-көргенділік белгісі.
Оң қолыңмен ал асыңды:-Алла,-деп,
Баянды құт құйылады барға кеп.
Кісі алдында тұрғанды алма ұмтылып,
Өз алдында тұрғанды же ұмсынып.
Ұзақ талға тісіңе не бассаң да,
Ыстық асты үрме ауызбен, сассаң да.
Мейірленіп же тағамды шамалап,
Бұл туралы айтыпты есті ер саралап.
«Көп жеген ас сіңбей, маза бермейді,
Ас сіңбесе кісіні дерт меңдейді.
Аузыңды бақ, енер содан кесел де,
Талғамменен аз ішіп-же жесең де!» [3, 388-389 бб.].

Ас ішу әдебі ислам дінінде де айтылады. Бұл туралы Құранда: «Жендер, ішіндер, бірақ ысырап етпеңдер» («Ағраф» сүресі, 31-аят),- деп әмір етті. Дініміз әмір еткен әрбір амал-әрекеттің белгілі мақсат-мүддесі бар. Егер нәпсі үшін тойып тамақтансаңыз, сізге - ол зиян, әлде бойыма қуат болсын деп Пайғамбар өсиет еткен мөлшермен тамақтанар болсаңыз, өзіңізді еркін, әрі жеңіл сезінесіз.

Исламдағы ас ішу әдебі: тамақты «бисмиллә» деп бастау, тамақтанғанда ашкөздіктен сақтану, тамақты үлкеннен кейін бастау, тамақты оң қолмен жеу, өз алдынан жеу, дұғамен аяқтау, тамақты үрлеп ішпеу.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде:« Тамақты бастарда «бисмиллә» деп бастау керек»- деген ал әдет-ғұрпымызда «Ас жүрген жер – береке» деген .

Тамақтану барысында ашкөздіктен сақтану керек. Қазақ халқында «Қоя жесең, қой қалар,Тарта жесең, тай қалар, Қоймай жесең нең қалар» деген сөз бар.

Тамақты үлкеннен кейін бастау. Алдыңызға қойылғанына қарағанда рұқсатсыз бастауға болады. Бірақ үй иесінің бірінші бастауы сүннетке сай болады. Немесе сол қауымның әмірі, ақсақалы бар болса, сол бастайды немесе ғалым, құрметті кісілер де бастаса болады. Ибн Асакирден жеткізген Хадис шәрифте «Дастархандағы тамақты ең бірінші сол елдің әмірі немесе үй иесі немесе қауымның жақсысы бастасын.» Хузайфа атты сахаба «Пайғамбарымызбен бірге тамақтанғанда, ол кісі бастамастан асқа қол сұқпайтынбыз» - деген.

Тамақты оң қолмен және ортақ ыдыстан жегенде өз алдынан жеу. “Алдарыңнан жеңдер” деген дұрыс. Алайда “періштелер ортасынан жейді” деген дұрыс емес. Себебі періштелер ішіп жемейді. Ішіп жеуге мұқтаж емес. Береке тамақтың ортасына жауады. Оған дәлел Хадис шәрифте былай дейді: «Береке тамақтың ортасына түседі. Сондықтан тамақтың ортасынан жемендер!» (Тирмизи)

Омар ибн Сәләмә (р.а.) Алла Елшісі :«Бисмиллә деп айт, оң қолыңмен, әрі өз алдыңнан же», - деп бұйырды дейді [6].

«Құтты біліктің» қазақ ақын- жыраулары шығармаларымен үндестігі

«Құтты білікте» қозғалған мәселе өте көп, солардың ішінде жігіттікке ашынып, өкініп, қарттық хақында айтқандары да біздің халыққа тән нәрсе. Бес ғасыр жырауларының шығармаларынан мазмұн үндестігі, поэтикалық рухы жағынан «Құтты білікке» қабысып түсіп отыратын тұстарды тым көп ұшыратамыз», -дейді әрі ақын, әрі ғалым А. Егеубаев[3,24-б.]. Расында да жыраулар шығармаларында айтылатын ай-хой жиырма бес деп ән салдырған жастық шақтың лезде өте шығарын, қалтылдаған үмітсіз қарттықты суреттеген жыр жолдарының шынында да «Құтты білікпен» үндесіп жатқанын байқаймыз. Әсіресе қазақ халқында адамның жас-мөлшері туралы сөз қозғамаған ақын кемде-кем.

Құтты білікте Ж. Баласағұн жігіттік туралы:

Беу, жігіттік, қайда жолың тұрағың?

Таба алмадым, кездім қанша сұрадым!

Тірліктің бар жан ләззатын, шырынын,

Тек жігіттік беретінін ұғындым,

Қатулан, әділдіктен таймасын жол,
Қор қылмай жігіттіктің пайдасын көр.

Қадірін біл, жігіттік кетер тастап,
Қанша қапсыр, бұл тірлік түбі қашпақ.

Жортқан бұлттай жігіттіктен ауыстым,
Ескен желдей тірлігімді тауыстым.
Есіл жастық, қайран жігіт күндерім,
Тұта алмадым, қадіріңді білмедім, -десе[3, 511-б.].

Қазақтың Базар жырауы:

Жігіттіктің екпіні-
Қаптаған қара дауылдай!
Күркіреп жауған көктемде
Қара нөсер жауындай!
Тұтынса берік тозбайтын-
Күдері қылыш бауындай!
Жігіттікте қайғы жоқ,
Қадірін біліп күте алсаң,
Он екі мүшең сауында-ай, -дейді [7, 106-б.].

Ақан сері:

Он тоғыз, жиырмаға бастың қадам,
Күн шалар көкорай басын күзге таман.
Жиырма бір-жиырма екі қалса кейін,
Ілгері сол жасыңнан ұшпас бағаң. [8, 7143-б.].

Қарттық туралы Жүсіп Баласағұн:

Елу жасым мені де құрсауға алды,

Қарға түстес басымды қырау шалды.
.Ей, елу менде қалған өшің бар ма?
Етек жеңді жұлмалап есімді алма.
Жас кезімде у ішсем де шырын еді,
У қылды ішкен асты бүгін енді.

Жебедей ем, көңілім садақтай тын,
Көңілім оқтай, енді өзім садақтаймын.
Алды қарттық бергенін жігіттіктің,
Саған да келер тігіп кәрін бір күн.

Кісенсіз ақ шалынып жүре алмаймын,
Көзім нұры түнерді көре алмаймын.
Кетті шаттық, ләззаттың түні балды,
Жігіттіктің оты өшіп күлі қалды.
Мойынсұнған қария ажалыңа,

Жоқта өткенді, өкін, күй азабыңа[3, 90,91-бб.].

- деп қарттықтың бейшара күйін өкіне де, күйіне суреттейді. Ал қазақ жырауларының қарттықты суреттеуі адамның сай-сүйегін сырқыратады. Өмір бойы ат үстінде қозғалыста жүрген адамның үйден шыға алмай отырып қалғаны, немесе намысты қазақтың келін-баланың қолына қарап қалғаны да жандарына қатты батқаны жырларынан байқалып тұрады. Мысалы:

Қобылан Бәрібайұлы:

Кәрілік қатты соққан желменен тең,
Көз көмексі болғанда, құлағым кем.
Қайнаған тұтас денем күй менен жыр,
Елден бақсы жисам да таппадым ем. [7, 213-б.].

Өске Торқаұлы:

Бұл кәрілік дауасыз дерт екен ғой,
Мынау алпыс кемшілікке серт екен ғой.
Қартайғанда алды-артыңды байқамасаң,
Адамзат аяқ астынан мерт екен ғой.

Адамның бір қаруы тіс екен ғой,
Тіссіз тамақ ішуің күш екен ғой.
Алпыс екі тамырдан қуат кетіп,
Әшейін құр қарасың кісі екен ғой.

Көз қайда, айнадай боп жайнайтұғын,
Сөз қайда, бұлбұлдай боп сайрайтұғын.
Тәбет қайда ішкенде тойматұғын,
Ақыл қайда, жер түбін ойлайтұғын. [8, 223-б.].

Шал ақын:

Алпыс жас-бұл бір өткен өмір сәні,
Алпыста бойда қуат тұрмас бәрі.
Қызығың жігіттікте көрген бір түс,
Қайта атпас жігіттіктің алтын таңы. [7, 7-б.].

Қарттық кезең адамның өмірлік жолының соңғы кезеңі. Егер адам өмірі мәнді өтсе, онда қарттық кезең оған қорытынды жасайды. Адам өзінің өмірді босқа сүрмегенін біліп көңілі тоғаяды.

Қорытынды. Жастықты қаншалықты өткінші десек те, ең бір өнімді іс тындыратын кез екенін де мойындауымыз керек. Адам жас кезінен бастап-ақ қарттықтың қамынжеу керек, «Жастықта жиған білімің - қарттыққа жұмсар мүлігің», Жасында жалықпасаң – қартайғанда тарықпайсың» - дейді қазақ мақалы. Жасында желөкпелікпен ешнәрсенің байыбына бармай ертеңгі күнін ойламаған жасқа да "Жасында байқары жоқтың, Жасы жеткенде айтары жоқ» - дегенді айтқан. Сондай-ақ қарттар жастарға ақылшы болса, жастардың қарттарға сүйеніш, арқа тұтар азаматы болатыны да қазақ мақалында жақсы көрсетіледі. Мысалы: Парасат көрсең –қарттықтан,тамаша көрсең – жастықтан. Жасқа–қызмет,Қартқа – құрмет.Өнегеліқарт жоқ жерде,өнерлі бала да жоқ.Ауылында қария болса, жазыпқойғанхатпентең.Қарттың айтқанын істе, жастың тапқанын же.Қартыбарелдіңқазынасыбар. Ағадан – ақыл, атадан – нақыл.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» көтерілген мәселелерді талдай келе ол мәселелердің осы күнге дейін күн тәртібінен түспеген өзекті екендігін, түркі дүниесінде сол замандағы көптеген дәстүрдің әлі жалғасып келе жатқандығын байқаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Салихов А./Жүсіп Баласағұн шығармашылығының түркі әлемі мәдениетіне қосқан үлесі/ халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, Қазақстан, 13 сәуір 2016 жыл.
2. Амребаева Ж.Опыт трехязычия:Вклад Ю. Баласагуни в развитие тюркской языковой картины мира. / Жүсіп Баласағұн шығармашылығының түркі әлемі мәдениетіне қосқан үлесі/ халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, Қазақстан, 13 сәуір 2016 жыл.
3. Әдеби жәдігерлер. Жүсіп Баласағұн. Құдатғу білік. 5- том. Алматы, Таймас баспа үйі, 2007.
4. Күмісбаев Ө. Жүсіп Баласағұн және Абай, қазақ ақындары./ Жүсіп Баласағұн шығармашылығының түркі әлемі мәдениетіне қосқан үлесі/ халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, Қазақстан, 13 сәуір 2016 жыл.
5. Молдабеков Ж.Түрік тектес халықтардың ойшыл ақыны, рухтас жақыны. Жүсіп Баласағұн шығармашылығының түркі әлемі мәдениетіне қосқан үлесі/ халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, Қазақстан, 13 сәуір 2016 жыл.
6. ҚабиденұлыД. Исламдағы ас ішу әдебі. Mazhab.kz.
7. Бес ғасыр жырлайды. 1- том. Алматы, Жазушы баспасы, 1989.
8. Бес ғасыр жырлайды. 2-том. Алматы, Жазушы баспасы, 1989.

МРНТИ 17.82.32

К.А Алимбетов¹

¹ «Қайнар» Академиясы, Алматы қ., Қазақстан

Р.МҰҚАНОВАНЫҢ «ШЕРМЕНДЕ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа

Мақалада Р.Мұқанованың «Шерменде» әңгімесінің композициялық ерекшеліктері сөз болады. Автор кейіпкер бойындағы құбылысты, адам бойындағы қарама – қайшылықты жан – жақты қарастырған. Құндылықтар жүйесінде гуманистік нормалар басымдық танытса, онда рухани құндылықтар әлемінің қалыпта